



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.06.2017 ж.

№ 10 1 –т.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі мен Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының арасындағы әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімді орындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру барысы туралы

Кәсіподақтың Атқару комитеті Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровтың «Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі мен Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының арасындағы әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімді орындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру барысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі мен Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Салалық Келісімнің іс-әрекет мерзімінде Кәсіподақтың Салалық Кеңесі мен мүшелік ұйымдары өздеріне алынған міндеттемелерді толығымен орындағанын атап өтеді.

Білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесі білім және ғылым Министрлігі мен сала қызметкерлерінің Кәсіподағы арасындағы салалық келісіммен, 21 облыстық және аумақтық келісімдермен, білім және ғылым ұйымдарындағы 10241 ұжымдық шарттармен ұсынылған. Ұжымдық шарттардың іс-әрекеті 692388, оның ішінде 676812 ұйым қызметкерлері- кәсіподақ мүшелеріне, 8980 ұйым қызметкері – кәсіподаққа мүше болып табылмайтындарға қолданылады.

Аймақтық салалық келісімдер мен ұжымдық шарттарды жасаудың жүйелі мониторингі және тәжірибені талдап қорыту жүзеге асырылады.

Барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдары кәсіподақтың қорғау қызметін күшейтуде белсенді жұмыс жасайды. Мақсатты бағытталған құқықтық қызмет құрылып, штаттық заңгерлердің жалпы саны 28 адамға жеткізілді. Еңбек заңнамасының орындалуын қоғамдық бақылау аясында 4741 тексеру жүргізілді, бұл өткен жылмен салыстарғанда 62,4 пайызға артық. 3172 бұзушылық анықталып, өткен жылға қарағанда 28 пайызға артық болып отыр. Еңбек заңнамасын бұзушылықты жою және қызметкерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөнінде жұмыс берушілердің өкілдеріне 853 ұсыныс жіберілді. Құқық бұзушыларға әкімшілік жазалау шараларын қолдану үшін мемлекеттік еңбек инспекциясына 37 материал ұсынылды. Бұрынғы жұмыстарына 35 қызметкер қайтарылып, саланың 162 қызметкерін жұмыстан заңсыз шығаруға жол берілмеді.

Құқық қолдану мәселелері бойынша 13429 кеңес беріліп, кәсіподақ мүшелерінің 1735 жазбаша өтініші қаралды.

Кәсіподақ қызметкерлерін, кәсіподақ активін оқыту жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. 2016 жылы құқықтық тақырып бойынша 882 семинар өткізіліп, 726 дәрістер мен баяндамалар оқылды.

Кәсіподақ өкілдері ҚР білім және ғылым Министрлігінің норма шығарушылық, мемлекеттік биліктің басқа органдарының әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары жөніндегі жұмыстарына қатысады.

Білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссияның мәжілістері жиі өткізіліп тұрады. Комиссия мәжілістеріне шешімдері еңбек жағдайын жақсартуға, жалақыны арттыруға, еңбек ақы жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды мәселелер шығарылады.

Жастар саясатын жүзеге асыру саласында мақсатты бағытталған жұмыстар жүргізілді. Келісімнің кәсіподақ тарапы еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша әдістемелік базаны қалыптастыруда нәтижелі жұмыс атқарды. Сала ұйымдарының басшылары мен кәсіподақ қызметкерлеріне көмек ретінде бірқатар ұсынымдар, үлгілі ережелер, нұсқаулықтар мен басқа да құжаттар әзірленді.

Кәсіподақ пен оның құрылымдық ұйымдары бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік әріптестік шараларының кеңінен жариялануын қамтамасыз етті.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровтың «Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі мен Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының арасындағы әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімді орындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру барысы туралы» ақпараты мәліметке алынсын.

2. Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровқа 2018-2020 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Келісімнің жобасын әзірлеу жөніндегі жұмысты бастау, комиссия құрамына «Атамекен» ҰКП өкілдерін, жеке меншік нысандағы білім және ғылым саласы ұйымдарының жұмыс берушілер өкілдерін қоса отырып, келіссөз барысына әлеуметтік әріптестік жөніндегі Салалық комиссияның құрамын қайта қарауға жұмыс берушілердің өкілдерін қосу шараларын қабылдау тапсырылсын.

3. Мүшелік ұйымдардың басшыларына ағымдағы жылы аймақтық салалық келісімдердің орындалуын міндетті қорытындылауды, барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдарының, кәсіподақтың барлық мүшелерінің ұсыныстар енгізу және оларды кеңінен талқылау арқыы салалық және аймақтық салалық келісімдерді әзірлеуге қатысуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Кәсіподақ басшылығымен (Амантаева М.Т., Беженаров В.Ф., Мұқашева А.М.) әлеуметтік әріптестердің республикалық салалық Форумын әзірлеу мен өткізу және 2018-2020 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы жаңа Салалық келісімге қол қойылу қамтамасыз етілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

**Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі мен
Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының
арасындағы әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімді орындау
жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру барысы туралы
АҚПАРАТ**

Бүгінгі таңда білім саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесі білім және ғылым Министрлігі мен сала қызметкерлерінің Кәсіподағы арасындағы Салалық келісіммен, 21 облыстық және аумақтық келісімдермен, білім және ғылым ұйымдарындағы 10 мыңнан астам ұжымдық шарттармен көрсетілген.

Білім саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесін дамыту Кәсіподақ қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Соңғы кездері республикалық, аймақтық деңгейлердегі әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерді қорғау деңгейін арттыруға тұрақты ықпал ететін фактор ретінде саладағы әлеуметтік әріптестіктің әлеуеті артты.

Ағымдағы жылы салалық Кеңес төмендегідей жұмыстарды атқарды:

Мүшелік ұйымдарға аймақтық деңгейдегі әлеуметтік әріптестіктің ұйымдастырылуын тексеруді жүзеге асыру жөніндегі жадынамалар мен еңбек заңнамасындағы өзгерістер мен салалық ерекшелікті ескеріп, қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерін қорғау жөнінде нақты нәтижелерге жетуге бағытталған ұжымдық шарттар мен әлеуметтік әріптестік макеттері әзірленіп жіберілді.

Жасалынған салалық аймақтық келісімдер ұжымдық шарттардың есебі, оларды талдау, әлеуметтік әріптестік саласындағы озық тәжірибені талдап қорыту және тарату қамтамасыз етіледі.

2017 жылдың 1-қаңтарындағы жағдай бойынша салалық кәсіподаққа кіретін кәсіподақ ұйымдарының саны – 10450. Салалық кәсіподақтағы ұжымдық шарттар саны- 10241. Ұжымдық шарт жасалмаған кәсіподақ ұйымдарының саны – 29 (оның ішінде: Семей – 9, Маңғыстау-4, Әділет -8, Жезқазған-4, Атырау-2, ШҚО-1, БҚО-1). Облыстық деңгейде жасалған салалық келісімдер саны – 19, аудандық (қалалық) деңгейде жасалғандар саны- 190.

Ұжымдық шарттың іс-әрекеті 692388, оның ішінде 676812 ұйым қызметкерлері- кәсіподақ мүшелеріне, 8980 ұйым қызметкері – кәсіподаққа мүше болып табылмайтындарға, 6596 жұмыс жасамайтын зейнеткерлерге қолданылады.

Аймақтық салалық келісімдер мен ұжымдық шарттарды жасаудың жүйелі мониторингі және тәжірибені талдап қорыту жүзеге асырылады.

Аймақтық салалық келісімдер мен ұжымдық шарттарды жасау тәртібін қадағалауды тексеру барысында бірқатар кемшіліктер анықталды: Алматы облыстық кәсіподақ ұйымында Алматы облысы әкімдігінің білім Басқармасымен 2015-2017 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Келісім облыстық еңбек инспекциясында тіркелген, бұл ҚР Еңбек кодексінің 151-бабының 2-т.қайшы келеді. Сондай-ақ, Келісім тараптары екіжақты комиссия құрмаған, Келісімді орындау жөнінде бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленбеген, бақылау нәтижелері туралы жыл сайынғы есеп ұсынылмайды.

Аудандық деңгейде жасалған аймақтық келісімдердің барлығы дерлік жергілікті атқарушы органдардан тіркеуден өтпеген. Мысалы, Еңбекші қазақ аудандық комитетінің жұмысымен танысқан кезде, 2015-2017 жылдарға арналған аймақтық келісімнің тіркеуі жергілікті атқарушы органдардан табылған жоқ.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ қызметкерлері мен жұмыс берушісінің арасындағы 2013-2017 жылдарға арналған ұжымдық шарт Маңғыстау облыстық еңбек басқармасында мониторингтен тіркеуден өтпеген. ҚР ЕК 156-бабы 11-т.сәйкес, жұмыс беруші еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға тараптармен қол қойылған ұжымдық шартты қол қойған күннен бастап бір ай ішінде мониторинг үшін тапсыруы тиіс.

Жасалынған ұжымдық шарттар санының көбеюімен қатар олардың сапасын арттыруға қол жеткізу міндеті, бұл құқықтық актілерге кәсіподақ мүшелері – қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесінде көбірек әлеуметтік бағыттылық пен маңыздылық беру, тараптардың алған міндеттемелерін орындауына ықпалды бақылауды қамтамасыз ету көзделген.

Сала ұйымдарындағы ұжымдық шарттардың мазмұнын талдау олардың көпшілігінде, еңбек ұжымдарын тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету шараларымен қатар, әлеуметтік кепілдіктерді арттыру, еңбекпен қамту, еңбек ақы төлеу, жалақыны уақытында төлеу, қызметкерлер мен олардың балаларын сауықтыру жөнінде шаралар қарастырылғанын көрсетті.

Көптеген ұжымдық шарттарда олардың іс-әрекеті тек солардың атынан қол қойылған қызметкерлерге, яғни кәсіподақ мүшелеріне ғана қолданылады деп жазылған.

Кәсіподақ қызметінің басты бағыттарының бірі Қазақстан Республикасы қолданыстағы еңбек заңнамасымен туындаған дауларды шешу, жеке және ұжымдық еңбек дауларының алдын алу жөніндегі жұмыс болып табылады.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы маусым айында Алматы қаласында, 2016 жылдың қарашасында «Қарғалы» пансионатының базасында және үстіміздегі жылдың сәуір айында Тараз қаласында білім және ғылым саласы қызметкерлерінің еңбек құқықтарына өкілдік ету және қорғау мәселелері бойынша кәсіподақ заңгерлерінің республикалық семинарын өткізді.

Көшпелі семинардың қорытындысы бойынша білім және ғылым саласы қызметкерлерінің еңбек құқықтарына өкілдік ету және қорғау мәселелері жөнінде материалдар жинағы шығарылу үстінде.

Кәсіподақ оқуының негізгі міндеттерін жүзеге асыру мақсатында салалық кәсіподақ ағымдағы жылы аумақтық ұйымдарда білім ұйымдары басшыларының және кәсіподақ қызметкерлерінің қатысуымен Еңбек заңнамасының ережелерін тәжірибелік қолдану мәселелері жөнінде семинар өткізді. Семинарларда білім саласы қызметкерлерінің өзекті проблемалары және еңбек қатынастары жөнінде көптеген тәжірибелік мәселелер қаралды: еңбек ақы төлеу және еңбекті нормалау, жұмыс уақыты, еңбекті және денсаулықты қорғау, қызметкерлерге заңнамамен белгіленген кепілдіктер мен өтемақылар төлеу, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдары қызметінің құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету мәселелері (Орал, Қарағанды, Шымкент, Талдықорған, Тараз).

2016 жылы құқықтық тақырып бойынша кәсіподақ активімен, басшылармен, қызметкерлермен, кәсіподақ мүшелерімен 882 семинар өткізіліп, 726 дәрістер мен баяндамалар оқылды.

Кәсіподақтың Салалық Кеңесі қызметкерлердің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау және әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру саласындағы кәсіподақ ұйымдарының жұмыс тәжірибесін үнемі тексеріп, олардың жұмысының болымды тәжірибесін талдап қорытады. Жалпы, білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік мәселелерін шешу жөніндегі белсенді жұмыс көптеген облыстық, аумақтық кәсіподақ

ұйымдарында жүргізіледі. Әлеуметтік әріптестікті дамыту жөніндегі нәтижелі жұмыс Жамбыл, Қостанай, Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымдарында жүргізіледі. Мұнда әлеуметтік әріптестіктің жаңа нысандарын іздеу жүзеге асырылады.

Кәсіподақ барлық түрдегі және типтегі, түрлі меншік нысанындағы білім ұйымдары үшін аймақтық салалық келісімдердің, ұжымдық шарттардың макеттерін әзірледі. Кәсіподақ органдары мен сала ұйымдарының басшылары салалық кәсіподақтың мамандарымен әзірленген келіссөздер жүргізу мен ұжымдық шарттарды жасау жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарды басшылыққа алады.

Келісімдер мен ұжымдық шарттардың орындалу барысы кәсіподақ сайтында жарияланады.

Біз Министрлікке кәсіподақ құрылымы бойынша, сондай-ақ саны жағынан да, әлеуметтік әріптестік көрсеткіштері туралы, қызметіміздің барлық бағыттары бойынша сұралатын ақпаратты ұсынуға қатысты өзіміздің жоспарланған іс-шараларымызды орындаймыз.

Кәсіподақ тарапы әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу мәселелері жөніндегі Министрліктің нормашығарушылық жұмысына қатысуға әзірлігін бірнеше мәрте білдірген болатын. Кәсіподақ мамандары азаматтық қызметшілерге еңбек ақы төлеудің қолданыстағы жүйесі, педагог қызметкерлерді аттестаттау, типтік біліктілік сипаттамалары және т.б. бойынша әлеуметтік әріптестер атына ұсыныстар әзірлеп жіберді.

Әлеуметтік-экономикалық және еңбек салаларындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің барлық кешені бойынша ұсыныстарды талқылау жөнінде ұйымдастырылған бірлескен жұмыс тобы белсенді жұмыс жасайды.

Сала ұйымдарына білім ұйымдарындағы еңбек заңнамасының жекелеген мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдардың 1 бөлімі әзірленіп жіберілді: - педагог қызметкерлердің жұмыс уақыты мен тынығу уақыты; - педагог қызметкерлерге еңбек ақы төлеу жүйесі; - білім ұйымдарындағы жеке еңбек дауларын қарау.

Салалық Кеңес пен аумақтық ұйымдар құқықтық қызметті қалыптастыру мен еңбек заңнамасын бұзушылықтың алдын алу және жою жөніндегі кәсіподақ заңгерлері қызметінің нәтижелілігін арттыру, жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын, ұжымдық шарттар мен келісімдерді орындауына қоғамдық бақылауды күшейту жөнінде нақты жұмыстар жасалды. Үстіміздегі жылы құқықтық қызметтің жалпы саны 28 адамға дейін жеткізілді. Еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау аясында 4741 тексеру жүргізілді, бұл өткен мерзіммен салыстырғанда 62,4 пайызға артық. 3172 бұзушылық анықталды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 28 пайызға артық. Жұмыс берушілердің өкілдеріне еңбек заңнамасын бұзушылықты жою және қызметкерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөнінде 853 ұсыныс жіберілді. Бұзушыларға әкімшілік жазалау шараларын қолдану үшін 37 материал мемлекеттік еңбек инспекциясына ұсынылды. 35 қызметкер бұрынғы жұмыс орындарына қайтарылып, саланың 162 қызметкерін жұмыстан заңсыз шығаруға жол берілмеді. Құқық қолдану мәселелері жөнінде 13429 кеңес беріліп, кәсіподақ мүшелерінің 1735 жазбаша өтініштері қаралды.

Сонымен қатар, БСШ бекітілгеннен кейін, Салалық комиссия отырысында «Педагог» жаңа кәсіптік стандартын түсіндіру жөнінде семинар өткізілді. Келісім тараптары еңбек ұжымдарында біліктіліктің Салалық шеңберін және кәсіптік стандартты тағайындауды түсіндіру жөнінде жұмыс жүргізді.

Қазіргі таңда «Педагог» кәсіптік стандарты еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер

палатасының бекітуін күтуде. Аталған бөлімнің іс-шараларын жүзеге асыру аясында, кәсіподақ салалық міндеттерді орындауға еңбек ұжымдарының біріктіру, кәсіподақ жұмысының қолданыстағы нысандары арқылы еңбек тәртіптемесін нығайту жөнінде нақты жұмыстар атқарды.

Қоғамдағы педагогтың болымды имиджін қалыптастыру мақсатында кәсіптік байқаулар, акциялар, форумдар, слеттер, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар тұрақты өткізіліп тұрады. Мұндай іс-шараларды өткізу туралы есептерді әрдайым кәсіподақ сайтының беттерінен табуға болады.

Кәсіподақпен ұйымдастырылған Республикалық жастар лагері, Еңбек күніне және Мұғалімдер күніне арналған мерекелік кештер, студент жастардың форумы және басқа да республикалық форматтағы шаралар танымалдыққа ие болды.

Аймақтардағы кәсіптік байқаулардың барлығы дерлік кәсіподақ ұйымдарының қаражатына және солардың қолдауымен өткізіледі.

Жастар саясатын жүзеге асыру саласында мақсатты бағытталған жұмыс жүргізілді:

- 5 ақпанда салалық кәсіподақтың жастар Кеңесі «Тегін КТБ – сенімді болашақтың кепілі» атты жұмысшы жастардың Форумын әзірлеу мен өткізуге қатысты

- 21-22 сәуірде Бүкіләлемдік еңбек күнінің аясында жастар ісі жөніндегі Кеңестің бастамасымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Жүректен жүрекке» Республикалық жастар акциясы өтті. Оған бастау болған Астана қаласындағы қарттар мен мүгедектер үйі болатын, акция барысында қарт адамдарға, аз қамтылған отбасыларға қолдан келгенше қайырымдылық көмек көрсетіліп, ағаштар отырғызу мен аумақты тазарту жөнінде жұмыс ұйымдастырылды.

- маусым айында Алматы қаласында, «Қарғалы» пансионатының базасында еліміздің барлық аймақтарынан жас кәсіподақ белсенділерінің қатысуымен сала кәсіподағының Республикалық жастардың жазғы лагері болды. Лагерь бағдарламасы, өткізілген тренингтер мен шаралар жас белсенділердің көшбасшылық қабілеттерін анықтауға, жастардың кәсіподақ ынтымақтастығы мен бірлігін тәрбиелеу мен қалыптастыруға септігін тигізеді. Ағымдағы жылы жастар лагері 26-30 маусым аралығында Павлодарда өткізіледі.

- 2016 жылдың 28-29 маусымында Шымкент қаласында «Тәуелсіздік құрдастары» атты республикалық жастар форумы ойдағыдай өткізілді. Осындай шараны үстіміздегі жылдың қараша айында Атырау қаласында өткізу жоспарланып отыр.

Кәсіподақ мамандары өндірістік кеңес пен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы, келісу комиссиясы туралы ережелер, олардың қызметін жаңа құқықтық реттеу жағдайындағы келісу комиссияларының жұмысы жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар әзірледі.

«Еңбекті қорғауды басқару жүйелері. Жалпы талаптар» 12.0.003-2010 ҚР СТ талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің негізінде еңбекті қорғауды басқарудың салалық жүйесі туралы (ЕҚБЖ) Ереже әзірленді. Ереженің мәтіні ҚР білім және ғылым Министрлігі мен Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының ресми сайттарында жарияланған.

Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясын жедел және тәжірибелік басқаруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар, техникалық еңбек инспекторларын

оқытуды ұйымдастыру жүргізіледі. Үстіміздегі жылдың 5-сәуірінде техникалық инспекторларға арналған семинар өткізілді.

«Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға көмек ретінде материалдар» атты екі бөлімді кітап шығарылды.

Қазіргі таңда өндірістік кеңестерді құру және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды тағайындау жөніндегі жұмыс аяқталды. Өндірістік кеңестер жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінен тепе-теңдік негізде құрылады, олардың құзіретіне техникалық инспектор туралы ережені әзірлеу, оларға белгілі бір құқықтар мен міндеттемелер өкілеттігін беру жатады. Техникалық инспектордың қатар бағынуы өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі оның жұмыс нәтижелілігін едәуір арттырады деп күтілуде.

Мүшелік ұйымдардың есептеріне сәйкес, 2017 жылдың 1-қаңтарындағы жағдай бойынша салада 10036 техникалық инспектор қызмет жасап, 1695 бұзушылықты анықтаған, соның ішінде: қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету – 331, ережелер, нұсқаулықтар талаптарын бұзушылық – 363, қызметкерлерді оқыту мен нұсқаулықтан өткізу бойынша – 243, арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, ЖҚҚ қамтамасыз ету жөнінде – 522, тағы басқалары – 236.

Қазіргі таңда 2018-2020 жылдарға арналған Салалық келісімді жобалау жөнінде жұмыс басталды.

Төрайым орынбасары

В.Ф. Беженаров